

Қызылқоға ауданында тұратын аз қамтылған отбасыларына (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсету қағидасын және мөлшерін белгілеу туралы

Күшін жойған

Атырау облысы Қызылқоға аудандық мәслихатының 2011 жылғы 11 мамырдағы № XXIX-4 шешімі. Атырау облысының әділет департаментінде 2011 жылғы 8 маусымда N 4-5-148 тіркелді. Күші жойылды - Атырау облысы Қызылқоға аудандық мәслихатының 2012 жылғы 21 желтоқсандағы № X-5 шешімімен.

Ескерту. Күші жойылды - Атырау облысы Қызылқоға аудандық мәслихатының 21.12.2012 № X-5 шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабына, Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі "Тұрғын үй қатынастары туралы" Заңының 97-бабының 2 тармағына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылы 14 сәуірдегі № 512 "Әлеуметтік тұрғыдан қорғалатын азаматтарға телекоммуникация қызметтерін көрсеткені үшін абоненттік төлемақы тарифінің көрсетілуіне өтемақы төлеудің кейбір мәселелері туралы" қаулысына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 желтоқсандағы № 2314 "Тұрғын үй көмегін көрсету Ережесін бекіту туралы" қаулысына сәйкес Қызылқоға аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Қызылқоға ауданында тұратын аз қамтылған отбасыларына (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсету Қағидасы (бұдан әрі - Қағида) және белгіленген мөлшері **б е к і т і л с і н .**

2. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудандық мәслихаттың XXIX
сессиясының төрағасы: *С. Сарсенғалиева*
Аудандық мәслихат хатшысы: *Т. Бейсқали*